

Төүелсіздік – мына өлемнің бір іргесіне кірпіш болып қаланған қазақдеген халықтың көпті көрген мәндайына бақ, құт болып орнады. Дегенмен, біз осы ел тарихын жеткілікті деңгейде білеміз бе? Өскелен үрпаққа оның мәнін, тереңдігін, құндылығын, бағасын үгүндірып, түсіндіру қолымыздан келер ме екен?

Азат болу, бостандықта бас үрү – қайран қазагымызға ежелден арман еди. Кезінде жер бүтіндігін мурат етіп, жаудушпанга дес бермеген Истатай мен Махамбет, Қабанбай мен Бөгенбай сынды батырларымыздың қаны дарыған Қайрат Рысқұлбеков, Сабира Мұхамеджанова, Ербол Сыпатаев, Ләззет Асанова секілді наамыс үшін бас тіккен уландарымыз өткен гасырдың төүелсіздік үшін күрес жолында қазагымыздың үл-қыздары қашан да ержүрек, батыл, сынбас сактың иегерлері екенин дәлелдей өткендей. «Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі» деген мақал жолдарын естіsem, бірден осы аға-әпкелерімді еске ала қоямын. Расында да, ел басына күн туганда жалғыз шыбын жандарын күштепекке түйш, ұланбайтақ даламыздың әрбір миллиметрі үшін қорқыныш,

## НҰРЛЫ ОТАНЫМЫЗ – ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

жасқану деген сезімдерді жүректерінен суырып алғыш тастады. Сол бір кездегі желтоқсан ызыгары қазіргі Төүелсіздігіміздің лебін әкелгендей...

Жалпы, мен – Төүелсіз Қазақстаннымыздың жас буынымын. Жас та болсам, ата баба, бертін келе аға-әпкелеріміздің төүелсіздікке, бейбіт күнге батыл, жігерлі басқан әрбір қадамдарының ашы дәмін тілім сезіп түргандай... Кейкездері ойыма үшкір ерік бере қойсам, «Батырлар дүрілдеп өткен жер, Тұлпарлар дүбірлел төккен тер» деген жырлған ақының ақын Мұқагалидың сезідері бірден есімді еріксіз бойлай кетеді. Шынында да, біз жүрген орта, тау-тас, өзен-аңгар мыңжылдық тарихтың бұлтартпас куәгерлері екени қай-қайсымызға болса да хақ. Төүелсіздік тарихын бұлардан аса ешкім білмейді-ау, сірә. Қайран қазагым, ашаршылықты да, небір зұлмат соғыс кезендерін де, тұла-бойы тарихынан, тілінен көз жазып қалуды да, бәрін-бәрін бастан өткериң, ең тәмамында арман болған төүелсіздікке қол жет-

кізіп тынды. Осында жетістігімізді тіпті өлемнің түкпір-түкпіріндегі халықтар, солардың ішінде ең алғаш болып Түркия мемлекеті ресми түрде жылы мойындағы. Осылайша өлемдік сахнаға Қазақстан деген мемлекет нық қадам басты. «Бірлігі жогары елді жау алмайды» деген қазақ шіркіннің асыл сезідері еш бекер айттылмамаған. Толассызың қанмен, ашы термен келген төүелсіздігіміздің сақтаң қалмасақ, еліміздің болашағынан зор үміт күттіретін біздей үрпаққа орны толмас, үлкен сын болмак.

Құдайға мың да бір шүкір, мемлекетіміз бүтінгі күні тек қуантарлық жаңалықтарымен, білімді үрпақтарымен, ең бастысы – бірлік-бейбітшілігімен өсіп, өніп, еркендер, талай мемлекеттің алды болып, шаң қақтырмай келеді. Жеткен жетістіктеріміздің ең көрнектісі – төрт құбыламызды тегістеп, шекарамызды белгілең және өзіміздің меншікті Карулы Құштерімізді жасақтауымыз, еліміздің елдігін белгілейтін үлттық белгілеріміз,

қайта оралған тіліміз, дініміз, салт-дәстүріміз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жаһанда болып жатқан індетке байланысты туындал жатқан қындықтарға қарамастан, ел тізгінің берік ұстап, жақсы көш бастап келе жатқанын мактанашибен алға тартқым келеді.

Қорытынды сөзімді түйіндей келе, Төүелсіздік – тарихы мұрада, таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан киелі үгым дегім келеді. Ол – барша қазаққа ортақ ұлы жеңіс, мәртебе. Тарихсыз, өткенсіз болашақ жоқ, онсыз өмір сүру тіpten мәнсіз. Осыны әрбір қазақ баласы үқса, сезінсе деймін. Сондағана қазақ хандығынан бастап, бергісі егеменді елдің бүтініне дейін көшті жалғастырып келе жатқан – жас үрпақ, ешқашан да осы күнге қандай алғыш арландардың арқасында жеткенімізді үмітпайады!

**Меруерт ДУЙСЕНАЛЫ,**  
М.Әдесов атындағы  
**ОҚУ-ның Заң факультетінің**  
1-курс студенті,  
**А.АЛДЫШУРАЗОВА,**  
жетекшісі, аға оқытушы,  
құқық магистрі.